

**БЕКІТЕМІН**  
«№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК  
директорының  
Сичкарук Л.Н.  
2023 жылғы 14 шілде



**«№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК бойынша ақылы медициналық және  
медициналық емес қызмет көрсету ережесі қағидасы**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Ақылы қызметтер көрсету туралы осы Қағида «№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК-да Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы медициналық қызметтер көрсету тәртібі мен шартын анықтайды.

1.2. Осы Қағида медициналық көмектің әр түрлеріне халықтың қажеттілігін барынша толық қанағаттандыру мақсатында, емделушілерге қызметтер көрсету, мамандарды еркін таңдау қағидаттарын сақтау, кәсіпорын қызметінің өндірістік және экономикалық қызығушылықтарын арттыру үшін енгізілді және қызметкердің еңбек ақысын төлеуді, оның жеке еңбек үлесімен байланыстыруға бағытталған.

1.3. Ақылы медициналық қызметтерді көрсету мақсаты тегін медициналық көмектің кепілді көлемінен артық көрсетілетін медициналық көмектің әр түрлеріне және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде халықтың қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады.

1.4. Медициналық қызмет 2017 жылы 30 наурызда берілген № 01452 ДТ Мемлекеттік лицензияға және оған қоса берілген медициналық және дәрігерлік қызмет түрлері бойынша қосымшаға сәйкес көрсетіледі.

1.5. Денсаулық сақтау ұйымының ақылы медициналық (амбулаториялық-емханалық, стационарды алмастыратын, зертханалық және өзге де) қызметтер көрсету құқығын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер:

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 7-бабының 59) тармақшасына және 202-бабының 8-тармағына сәйкес ;

- «Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық қызметтер көрсету жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы №ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығы;

- «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 16.10.2020 жылғы № 672 қаулысы;

- «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20.06.2019 жылғы № 421 қаулысы;

- Мемлекеттік мүлік туралы 01.03.2011 жылғы №413-IV Заң.

1.6. «№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК, сондай-ақ тікелей қызмет көрсететін маман азаматтарға өтініш берген сәттен бастап ақылы медициналық қызметтерді уақытылы және сапалы көрсетуге жауапты болады.

## **2. Ақылы қызметтер көрсету тәртібі**

2.1. «№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК мынадай жағдайларда ақылы негізде медициналық қызметтер көрсетеді:

- олардың бастамасы бойынша, оның ішінде бастапқы және қайталама деңгейдегі мамандарға жолдамай медициналық көмек көрсету;

- тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету;

- денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формулярына енгізілмеген дәрілік заттармен емдеу;

- тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмектің тізбесіне кірмейтін және (немесе) медициналық көрсетілімдерсіз медициналық зерттеулер жүргізу;

- Кодекстің 83-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға медициналық көмек көрсету.

2.2. Ақылы қызмет түрлері мен баға преysкурантын емхананың Бакылау кеңесі мен директор бекітеді.

2.3. Ақылы негізде көрсетілетін медициналық көмек шарт негізінде көрсетіледі.

2.4. Ақылы қызметтердің түрлері және оларға бағалар преysкуранты жалпыға ортақ көпшілікке қолжетімді жерлердегі көрнекі ақпарат арқылы, оның ішінде интернет-ресурстарда жеткізіледі, онда:

- денсаулық сақтау ұйымының ақылы қызметтер көрсетуге құқығын регламенттейтін құқықтық актілерге сілтемелер;

- Ақылы медициналық қызметтер көрсетуге қатысатын медицина қызметкерлері туралы, олардың кәсіптік білімі мен біліктілігінің деңгейі туралы мәліметтер, 1-қосымша;

- Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек, ақылы қызметтер көрсетуге қатысатын денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыс режимі, медицина қызметкерлерінің жұмыс кестесі;

- Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесі.

2.5. №1 емханаға тіркелген ҚР азаматтарының жекелеген санаттары үшін ақылы қызметтер көрсету кезіндегі жеңілдіктер :

- ҰОС ардагерлері мен қатысушылары, концлагерлерде қамауда болғандар – тегін;

- I топ мүгедектері (медициналық комиссиялар) – тегін;

- II топ мүгедектері (медициналық комиссиялар) – 50%;

- ҰОС ардагерлеріне теңестірілген адамдарға жеңілдіктер мен кепілдіктер (медициналық комиссиялар) – 50%;

- бала жасынан мүгедектік (медициналық комиссиялар) – 50%;

2.6. Медициналық көмекті ақылы негізде алатын пациенттерге ұйым:

- Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша консультациялық-диагностикалық көмек көрсету кезінде сәйкесті медицина қызметкерлерінің медициналық қорытындысын;

- стационарды алмастыратын көмек көрсету, қалпына келтіру емі және медициналық оналту кезінде амбулаториялық картадан және ауру тарихынан үзінді көшірмені;

- Көрсетілген қызметтің саны мен бағасы көрсетілген тізімдемесі туралы ақпаратты береді.

2.7. Медициналық қызметтерге ақы төлеу ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде тегін медициналық көмек алатын азаматтарға зиян келтіре отырып, кезектен тыс қызмет көрсету құқығын бермейді.

2.8. Ақылы қызметтерге арналған Прейскурант медициналық, өзге де қосымша шығыстарды көрсетумен байланысты шығындардың барлық түрлерін ескере отырып айқындалады және жылына бір реттен жиі емес қайта қаралуы мүмкін.

### **3. Ақылы медициналық қызметті, оның ішінде стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсету шарттары**

3.1. «№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК-да ақылы медициналық қызмет келесі шарттар бойынша іске асырылады:

- Пациенттердің бастамасы бойынша, оның ішінде алғашқы медициналық-санитариялық көмек мамандары мен денсаулық сақтау ұйымдарының жолдамасынсыз алғашқы медициналық-санитариялық көмек, диагностикалық және емдеу қызметтерін көрсету кезінде;
- шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға медициналық көмек көрсету кезінде;
- азаматтарды жұмысқа және оқуға түсу үшін медициналық тексеру, көлік құралдарын басқару құқығын алуға үміткер адамдарға медициналық тексерулер жүргізу, тиісті жолдамасыз санаторлық-курорттық емдеу және басқа да міндетті медициналық тексерулер кезінде;
- «Алдын ала міндетті медициналық тексеруден өту» мемлекеттік қызметі (075/енысаны бойынша Медициналық анықтама) ақылы, ҚР ДСМ 15.10.2020 . №ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығы негізінде, 18 жасқа дейінгі балаларға тіркелген жері бойынша тегін көрсетіледі.
- пациенттің қалауы бойынша анықтамалар сұраған кезде;
- кәсіпорынмен шарт бойынша, оның ішінде ерікті сақтандыру бойынша медициналық көмек көрсету кезінде.

3.2. Пациенттермен есеп айырысу:

- қолма-қол және қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үшін, фискалдық чекті бере отырып, кассалық аппарат арқылы емхананың кассасына ақшалай қаражат салу жолымен;
- қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша «Ақылы қызметтерді сатудан түскен қаражат» «№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК арнайы шотына аудару арқылы;

3.2. Пациент пен Ұйым арасындағы шарт медициналық қызметке ақы төлеу кезінде ақылы қызмет көрсеткенге дейін жасалады.

3.3. Пациентке келесі жағдайларда төленген соманы немесе төленген сома мен көрсетілген қызметтердің құны арасындағы айырманы қайтару жүргізіледі:

- көрсетілген қызметтердің көлемі толық болмаған жағдайда (пациенттің қызметтен бас тартуы себебінен, жекелеген рәсімдер мен манипуляциялардың қарсы көрсетілімдері болған кезде, Егер медициналық қызмет реактивтің

болмауына, медициналық аппаратураның істен шығуына, маманның болмауына және т.б. байланысты көрсетілмесе).

3.5. «№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК бухгалтерлік есебі мен есептілігі «ҚЕХС сәйкес Бухгалтерлік есеп» есеп саясатына сәйкес ТМККК және ақылы медициналық (диагностикалық, өзге де) қызметтер көрсету бойынша бөлек жүргізіледі.

3.6. Ақылы қызметтер көрсетуден және табыс әкелетін өзге де қызметтен алынған ақшалай қаражат осы қызметтерді ұсынуға байланысты шығыс баптарын қаржыландыруға (жалақы, салықтар, коммуналдық шығыс, материалдық шығындар); жас мамандарға тұрғын үйді жалға алу ақысын төлеуге; қажеттіліктерге сәйкес өзге де шығыстарға жіберіледі.

3.7. «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 15.12.2020 жылғы ҚР ДСМ-278/2020 бұйрығының негізінде көрсетілетін қызметтер ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде ақылы медициналық көрсетілетін қызметтерді ұйымдастыруға, көрсетуге қатысатын қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу медициналық көмектің нақты көрсетілген көлемі үшін жүзеге асырылады және көрсетілетін қызметтерді алушыдан емхананың кассасына немесе есеп айырысу шотына қаражат түскен жағдайда жүргізіледі, ақылы қызметтер көрсету жөніндегі ережеге және хаттамаға сәйкес айқындалады және регламенттеледі (2-қосымша).

3.8. Бюджеттен тыс қаражат есебінен жалақы емхана қызметкерлеріне есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне дейін айына бір рет карт-шотқа аудару арқылы төленеді.

3.9. «№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК ақылы қызметтер көрсету бойынша жол берілген бұзушылық жағдайлары үшін (тиісті көлем мен сапасыз медициналық қызметтер көрсету, пациенттен көрсетілген қызметтер үшін ақы алудың дұрыстығы және ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражатты мақсатына сай пайдалану) жауапты болады.

Экономист



Кошкарёва О.А.